

2013 жылға арналған Арал ауданының аумағында тұратын нысаналы топтарға жататын адамдардың қосымша тізбесін белгілеу туралы

Күшін жойған

Қызылорда облысы Арал ауданы әкімдігінің 2013 жылғы 22 сәуірдегі N 131 қаулысы. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2013 жылғы 21 мамырда N 4452 тіркелді. Күші жойылды - Қызылорда облысы Арал ауданы әкімдігінің 2014 жылғы 15 қаңтардағы N 5-қ қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Қызылорда облысы Арал ауданы әкімдігінің 15.01.2014 N 5-қ қаулысымен.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы N 148 Заңының 31-бабының 2-тармағына, "Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы N 149 Заңының 5-бабының 2-тармағына сәйкес Арал ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. 2013 жылға арналған Арал ауданының аумағында тұратын нысаналы топтарға жататын адамдардың қосымша тізбесі осы қаулының қосымшасына с ә й к е с б е л г і л е н с і н .

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Е. Р а й м б е т о в к е жү к т е л с і н .

3. Осы қаулы оның алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Арал ауданының әкімі

М. Жайымбетов

А у д а н ә к і м д і г і н і н
2 0 1 3 ж ы л ғ ы " 2 2 " с ә у і р д е г і

N 131 қаулысына қосымша

2013 жылға арналған Арал ауданының аумағында тұратын нысаналы топтарға жататын адамдардың қосымша тізбесі

1. Жиырма бір жастан жиырма тоғыз жасқа дейінгі жастар.
2. Жасы елуден асқан жұмыссыз тұлғалар.
3. Отбасында бірде-бір адам жұмыс істемейтін тұлғалар.
4. Ұзақ уақыт жұмыс істемейтін тұлғалар (бір жылдан артық).
5. Техникалық және кәсіби білім беру оқу орындарының түлектері.

